

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 шілдеде № 2779 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 наурыздағы № 2/18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 29.03.2021 № 2/18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) бекітілсін.

2. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 15/145 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2347 болып тіркелген, 2014 жылғы 20 ақпандағы № 7 "Қарақия" газетінде жарияланған), "Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 15/145 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 шілдедегі № 19/204 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2476 болып тіркелген, 2014 жылғы 31 шілдеде № 40 "Қарақия" газетінде жарияланған) және "Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 15/145 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 25/260 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2689 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 сәуірде № 32-35 "Қарақия" газетінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарақия аудандық мәслихатының заңдылық, депутаттар өкілеттігі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Е.Гаджибаев).

4. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Рысбаев Қайрат Ерсұлтанұлы

29 маусым 2015 жыл.

"Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

басшысының міндетін атқарушы

Жанайбаева Айнагүл Мұратқызы

29 маусым 2015 жыл.

Е. Есенқосов

А. Мееров

Қарақия аудандық мәслихатының
2015 жылғы 29 маусымдағы
№ 27/285 шешімімен бекітілген

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2 - 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы қағида әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

3. Осы қағидада пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төменгі күнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Маңғыстау облысының Статистика департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – әлеуметтік көмек тағайындау және төлеуді жүзеге асыратын "Қарақия аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – уәкілетті орган);

8) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы "коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Қарақия аудандық бөлімі;

9) әлеуметтік көмекті төлейтін уәкілетті ұйым – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қажетті банк операцияларын реттейтін және қадағалайтын уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Қарақия ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

12) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты – шартты ақшалай көмек (ШАК) тағайындау үшін отбасы атынан әрекет ететін еңбекке қабілетті жеке тұлға мен уәкілетті орган арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

13) отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – уәкілетті орган бірлесіп әлеуметтік бейімдеу және (немесе) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралардың үміткермен жасалған кешені;

14) әлеуметтік бейімдеу бойынша шаралар - қолданылып жүрген заңында көзделген тәртіпте жергілікті бюджет қаражаты есебінен көзделген арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету, мүгедектерді оңалту құралдары ретінде, сондай-ақ әлеуметтік қолдаудың өзге де шаралар түрінде (тұрғын үй көмегі, жергілікті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек) әлеуметтік кеңістігін жағдайларға бейімделеу мақсатында берілетін шаралар;

15) Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 24.06.2016 № 3/24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.10.2016 № 5/45(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.05.2018 № 17/196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.12.2018 № 23/265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен;

4. Осы қағида әкімшіліктік – аумақтық бірліктерге сәйкес Қарақия ауданында тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санатындағы тұлғаларға қолданылады.

5. Осы қағиданың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушыларға) өмірлік қиын

жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда берілетін көмек түсініледі.

6. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы қағидада көзделген тәртіппен көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

8. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Маңғыстау облысының әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

Учаскелік және арнайы комиссиялар туралы үлгілік ережелерді орталық атқарушы орган бекітеді.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу тәртібі

9. Әлеуметтік көмек жылына бір рет атаулы күндер мен мерекелік күндерге табыстарын есепке алмай, келесі мөлшерде көрсетіледі:

1) 22 наурыз – Наурыз мерекесі:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналар немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және I дәрежедегі "Ана даңқы" орденімен марапатталғандарға – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш;

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

2) 1986 жыл 26 сәуір – Чернобыльдағы атом электр станциясы (бұдан әрі – АЭС) апат күні:

Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушы мүгедектерге - 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

1986-1987 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушыларға - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

1988-1989 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушыларға - 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш;

3) 9 мамыр – Жеңіс күні:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға (Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою

салдарынан мүгедек болған тұлғалардан басқа) - 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға (1986-1987 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа) - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға (1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа) - 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш;

Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Чернобыльдағы АЭС апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыльдағы АЭС апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізушілердің, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдеріне (күйеулеріне) – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жан қиярлық еңбегі үшін мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының

ордендері мен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай -ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Тәжік-ауған шекарасындағы жауынгерлік іс-қимылдарына қатысушыларына - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай Батыр қалаларға және әскери Даңқ қалаларына, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағындағы шайқас болған жерлерге, сонымен бірге қазақстандық жауынгерлер жерленген жерлерге бару үшін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан майдангерлердің отбасы мүшелерін - әр адамға 150 000 (бір жүз елу мың) теңгеден артық емес мөлшерде біржолғы қаржылай көмек көрсетілуін қамтамасыз ету.

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендер қатарына жататын азаматтарға – 20 000 (жиырма мың) теңге;

4) 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

5) 1 маусым – Балаларды қорғау күні:

он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

6) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:

асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға (балаларға) жылына бір рет - 8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш;

Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға жылына бір рет - 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

Маңғыстау облысына сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған тұлғалар, "Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алмайтын санатындағы тұлғаларға жылына бір рет - 36 (отыз алты) айлық есептік көрсеткіш;

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

7) 1 қазан - Халықаралық қарттар күні:

жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және 70 (жетпіс) жастан жоғары зейнеткерлерге - 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш.";

8) 6 қазан - Қазақстан Республикасының мүгедектер күні:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

9) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

Ескерту. 9 - тармаққа өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 03.07.2018 № 18/211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.04.2019 № 29/302 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Он сегіз жасқа дейінгі үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға әлеуметтік көмек білім беру кезеңіне табыстарын есепке алмай, ай сайын – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

11. Әлеуметтік көмек онкологиялық ауруымен ауыратын және иммун тапшылығын жұқтырған адамдарға өтініштері бойынша табыстарын есепке алмай жылына бір рет 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш және мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымынан шыққан адамдарға өтініштері бойынша табыстарын есепке алмай тоқсан сайын 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілген тұлғаларға есепке алмай әлеуметтік көмек, өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап 6 айдан кешіктірілмей жылына бір рет – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

13. Өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге, емделуге, дәрі-дәрмек алуға, отбасының бір мүшесі қайтыс болуына байланысты әлеуметтік көмек жылына бір рет көрсетіледі. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілген әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия

айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Шекті шама 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек.

13-1. Әлеуметтік көмек мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын, бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, орта білімнен кейінгі, жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға азық-түлік өнімдерінің бағасының қымбаттауына байланысты біржолғы 100 (жүз) мың теңге мөлшерінде көрсетіледі.

Ескерту. Шешім 13-1 тармақпен толықтырылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 22.04.2019 № 29/302 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттен қарастырылған қаражат шегінде, жылына бір рет білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне төлеуге арналған нақты шығындарына және ай сайын тамақтану мен жатақ шығындарын ішінара жабуға 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек:

табысын есепке алмай Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқитын мүгедек студенттерге, тұлдыр жетімдер мен балалар үйінің және балалар ауылының тәрбиеленушілеріне;

өтініш жасаған айдың алдындағы 12 айда жан басына шаққанда, Маңғыстау облысында белгіленген 3 (үш) еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен орташа табысы бар отбасылардағы келесі санаттағы студенттерге:

ауданның денсаулық сақтау, білім беру, агроөнеркәсіптік кешені, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және туризм мемлекеттік мекемелерінің сұранысы бойынша білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында бакалаврдың академиялық деңгейін алу үшін күндізгі бөлімде немесе медициналық жоғарғы оқу орындарында интернатурада оқитын студенттерге;

ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек студенттерге;

ата-анасының біреуі қайтыс болған студенттерге;

ата-анасының екеуі де зейнеткер болған студенттерге;

бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасының орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарында, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын 23 жасқа толмаған студенттерге көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім, әлеуметтік көмек тағайындауға студенттерді іріктеу жөніндегі аудандық комиссия мен уәкілетті органның қорытындысы негізінде қабылданатын болып белгіленсін.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

16. Атаулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша зейнетақы төлеу орталығынан алынған тізім бойынша көрсетіледі.

Айтулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмек алуға құқығы барларға, алайда орталық тізімінің электрондық нұсқасына қандай да бір себеппен енгізілмей қалғандарға Қарақия ауданы әкімдігі ұсынған құжаттар негізінде қосымша тізім бекітеді.

17. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 15.06.2020 № 41/414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысының (бұдан әрі- Қаулы) 1 қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірдің қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты;

6) әлеуметтік көмек төлейтін уәкілетті ұйымдағы банк шоты нөмірін растайтын құжат;

7) туу туралы куәлік (жоғары оқу орнындағы студенттерге);

8) білім беру қызметінің келісім шарты (жоғары оқу орнындағы студенттерге)

;

Өмірлік қиын жағдайдағы адамның (отбасының) мүддесіне байланысты адамның (отбасының) өздігінен хабарласа алмауының себебін көрсетіп, әлеуметтік көмек көрсетуге хабарласа алады:

- 1) отбасының ересек мүшесі;
- 2) қамқоршы (сенімгер);
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларына сәйкес сенім жүктелген тұлға.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2020 № 41/414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

18. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18-1. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. Құжаттар салыстырылып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

20. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

21. Уәкілетті орган немесе ауыл, ауылдық округтің әкімі құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде іс макетін қалыптастырады және "Өрлеу" жобасына қатысуға үміткер өтініш берушінің материалдық жағдайын зерттеп-қарауды жүргізу үшін учаскелік комиссияға береді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қаулының 2, 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауыл, ауылдық округ әкімі өтініш берушілердің құжаттарын учаскелік комиссияның қорытындысымен қоса, олар қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға береді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

24. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

25. Үміткер және (немесе) оның отбасы мүшелері жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу жөніндегі шараларға мұқтаж болған жағдайда, оны ұсыну туралы шешім уәкілетті органның құзыреті шегінен шықса, өтініш беруші ұсынған құжаттарды уәкілетті орган комиссияның қарауына бір жұмыс күні ішінде жібереді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте жиынтық табыс Қазақстан Республикасын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5757 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Ережесіне сәйкес есептеледі.

Осы Қағиданың 23 және 24 тармақтарында көрсетілген жағдайда, уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен

құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

28. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

29. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 24.10.2016 № 5/45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

30. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

31. Адамның (отбасының) орташа есеппен жан басына шаққандағы табысын есептеуді уәкілетті орган "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө бұйрығына сәйкес есептеледі.

32. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.
- 4) қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдар туралы мәліметтердің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан келіп түсуі;
- 5) жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтіп кетуі;
- 6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ұсынатын хабарсыз кеткен, іздеуде жүрген адамдар фактісінің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықталуы;
- 7) қамқоршылықтан (қорғаншылықтан) босатылған және шеттетілген адамдар туралы мәліметтердің түсуі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33. Әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстарды қаржыландыру "Жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша, ағымдағы қаржылық жылда Қарақия ауданының бюджетімен қарастырылған құралдар шегінде жүзеге асады.

Әлеуметтік көмекті төлеуді әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмекті беретін уәкілетті ұйым арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3.1. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау.

34. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

35. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

36. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

37. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

38. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

39. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

40. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

41. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

42. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

43. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Қорытынды ереже

44. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" немесе "әлеуметтік көмек базасы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 1 қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 2 қосымша

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 3 қосымша

Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 4 қосымша

"Шартты ақшалай көмек" жобасына қатысуға Өтініш

Ескерту. 4-қосымша алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 5 қосымша

АРНАЙЫ ШАРТ

Ескерту. 5-қосымша алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 6 қосымша

"Шартты ақшалай көмек" алуға өтініш берушінің отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама

Ескерту. 6-қосымша алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.10.2017 № 11/134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.